

COVID-19

Азаматтық қоғам серіктестеріне
арналған нұсқаулық

Төтенше жағдай өкілеттіктері және
дағдарысқа қарсы әрекет ету:
Адам құқықтары саласындағы тәуекелдер



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СЕРІКТЕСТЕР

Аталмыш нұсқаулық әлемнің азаматтық қоғамның келесі ұйымдарымен серіктестікте жасалынды және басылып шығарылды



Awaj Foundation
Bangladesh

<http://awajfoundation.org>



Cristosal
Central America

<https://www.cristosal.org>



Human Rights in China
Peoples Republic of China

<https://www.hrichina.org/en>



People's Watch
India

<https://www.facebook.com/pg/peopleswatch.org/about/>



Equidem Nepal
Nepal

<https://www.equidemresearch.org>



MENA Rights
Middle East
and North Africa

<http://www.menarights.org/en>



Migrant Care
Indonesia

<http://www.migrantcare.net>



EIHR
Ethiopian Initiative
for Human Rights
Ethiopia

https://www.facebook.com/eihrethiopia/?ref=py_c



KontraS
Indonesia

<https://kontras.org/en/>



EHRCO
Ethiopian Human
Rights Council
Ethiopia

<https://www.ecoi.net/en/source/11110.html>




AJAR
Indonesia, Timor-Leste, Thailand,
the Philippines, Myanmar,
Bangladesh, Sri Lanka and
the Solomon Islands

<https://asia-ajar.org>



Pusaka
Indonesia



Initiative for
International
Dialogue
Philippines,
Myanmar,
Mindanao,
Thailand,
West Papua
and Timor Leste

<https://iidnet.org>



Lokataru Foundation
Indonesia

<https://lokataru.id>



FENAPD
Ethiopia

<http://www.fenapd.org/site/>



YLBHI
Indonesia

<https://www.frontlinedefenders.org/en/profile/foundation-indonesian-legal-aid-institute>



Sajid Iqbal
Foundation
Indian Administered
Jammu and Kashmir

<https://www.facebook.com/groups/thesa-jidiqbalfoundation/>



Soros Foundation
Kazakhstan

<https://www.soros.kz/en/>



IVIDE
Ethiopia




CEHRO
Consortium of Ethiopian
Human Rights Organizations
Ethiopia

<https://www.facebook.com/cehros/>

МАЗМҰНЫ

1	Кіріспе	4
2	Төтенше жағдаймен күресу шараларын іске асыру рәсіміне байланысты туындайтын адам құқықтары саласындағы тәуекелдер	7
3	Төтенше жағдаймен күресу шараларына байланысты туындайтын адам құқықтары саласындағы тәуекелдер	11
4	Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттардың қоғамның осал немесе маргиналды топтарына әсері	18
5	Контекстке негізделген шараларды енгізу маңыздылығы	21
6	Адвокацияға қатысты ұсыныстар	22
	Қосымша ақпарат	26
	Қосымша	28



1 Кіріспе

- 1.1. COVID-19 жөніндегі бұл нұсқаулық **азаматтық қоғам ұйымдарына** төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттарды болжап білу; осы заңдар мен саясаттарды қабылдау процесін және олардың мазмұнын адам құқықтары тұрғысынан егжей-тегжейлі талдау; сондай-ақ төтенше жағдаймен күресу шараларын және **олардың** әсерін, әсіресе халықтың маргиналды және осал топтарына тепе-тең ықпал етпейтін жайттарын анықтау және соған орай әрекет ету үшін **нұсқау** ретінде құрастырылған.
- 1.2. Бұл нұсқаулық пандемияға қарсы жауап ретінде қолданылатын төтенше шараларға байланысты туындайтын тәуекелдің нақты үш түріне көңіл бөледі:
- Төтенше жағдайлар жөніндегі заңдар және саясаттарды іске асыру **рәсіміне** байланысты туындайтын тәуекелдер;
 - Төтенше жағдайлар жөніндегі заңнаманың және саясаттардың **мәніне** қатысты туындайтын тәуекелдер;
 - Белгілі бір осал қауымдарға қатысты заңдарды, саясаттарды және практиканы **жүзеге асыруға** байланысты туындайтын тәуекелдер.
- 1.3. Тәуекелдің әр тобын егжей-тегжейлі қарастыру үшін аталмыш құрал алты бөлімге бөлінген. Әрбір бөлімде азаматтық қоғам ұйымдары (АҚҰ) мен адам құқықтарын қорғаушыларға (АҚК) ұсынылған сұрақтар тізімі және сұрақтар бойынша талқылау тақырыптары қамтылған. (Сұрақтардың толық тізімі қосымшадан беріледі, талқылау тақырыптары қосылмаған). Аталмыш алты бөлім мыналар:
1. Кіріспе
 2. Төтенше жағдаймен күресу шараларын іске асыру рәсіміне байланысты туындайтын адам құқықтары саласындағы тәуекелдер
 3. Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттарға байланысты туындайтын адам құқықтары саласындағы тәуекелдер
 4. Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттардың қоғамның осал немесе маргиналды топтарына әсері
 5. Контекстке негізделген шараларды енгізу маңыздылығы
 6. Адвокацияға қатысты ұсыныстар



1.4. Берілген нұсқаулықтың мазмұны біздің және серіктес ұйымдарымыздың мемлекеттердің пандемияға қарсы әрекетін талдауына, сонымен қатар Rights and Security International-дың терроризмге қарсы заңнама мен саясат контекстінде төтенше және айрықша өкілеттіктердің қарсы әсерін талдау және соған орай әрекет ету жөніндегі 30 жылдық тәжірибесіне негізделген. Біздің төтенше жағдайлар кезіндегі тәжірибеміз азаматтық қоғамның келесі шарттарды қамтамасыз етуде шешуші рөл атқаратынын көрсетеді:

- Төтенше жағдаймен күресу шаралары заңға негізделген, заңды түрде қабылданады және қалың бұқараға жария етіледі, жоғарыда айтылғандармен сәйкес келмеген жағдайда қарсылық білдіре алады;
- Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттар белгілі бір уақыт аясында қолданылады, мерзімі жағынан тым шектеулі және аса қажет жағдайда ғана күшіне енеді, жоғарыда айтылғандармен сәйкес келмеген жағдайда қарсылық білдіре алады;
- Төтенше жағдай жөніндегі заңдар мен саясаттардың іске асырылу процесі азаматтық қоғам және қалың жұртшылықтың демократиялық қатысуымен негізді түрде қадағаланып, қайта қарап шығылады, олай болмаған жағдайда қарсылық білдіре алады;
- Төтенше жағдай жөніндегі заңдардың және саясаттардың төтенше жағдаймен күресу үшін қажет болғаны (қазіргі жағдайда, олар тиісті қоғамдық денсаулық сақтау мақсаттарына қажет) және сол қажеттіліктерге сәйкесінше болуы тиіс, және олай болмаған жағдайда қарсылық білдіре алады;
- Төтенше жағдаймен күресу шаралары халықтың осал және маргиналды топтарына қатысты қорлау және/немесе кемсіту актілеріне жол бермейді, сондай-ақ қорлау, лайықсыз және/немесе кемсітушілік әрекеттеріне қарсылық білдіру үшін зардап шеккен қауымдастықтармен жұмыс жүргізілуі тиіс;
- Төтенше жағдай кезінде орын алған адам құқықтарын бұзу әрекеті үшін жауапкершілік көзделген.

1.5. Ағымдағы пандемия кезінде кейбір Үкіметтер төтенше шараларды жақсы ниетте жүзеге асырып жатқанына қарамастан, бұл шаралардың адам құқықтары үшін әдейі ойластырылмаған немесе күтілмеген салдары болады. Ал, кейбіреулері бұл пандемияны қару көзі ретінде пайдаланып, төтенше шараларды белгілі бір топтарға әдейі ықпал жасау және өз билігін нығайту мақсатында қолдануда. Бұл екі жағдайда да біз төтенше шаралардың барлығына бірдей ықпал етпейтінін, ал кейбір жағдайда халықтың маргиналды және осал топтарына қарсы әдейі бағытталғанын байқап отырмыз. Бұған Үкіметтің теңсіз іс-әрекетінің нәтижесінде зардап шегіп отырған азшылық топтарының, еңбекші-мигранттар, қамаудағылар, саяси баспана сұраушылар, босқындар, әйелдер, балалар, қарт адамдар және қоғамның әлеуметтік-экономикалық деңгейі төмен топтарының (әсіресе тұрғын үйі жоқ адамдар) толассыз саны мысал бола алады.

1.6. Тиісінше, әлеуметтік қашықтық, жалпыұлттық оқшаулау және пікір білдіру бостандығын шектеу шаралары азаматтық қоғамның әрекет ету қабілетін төмендетіп, азаматтық және демократиялық кеңістіктің тарылуына әкеп соғуда. Кейбір елдердің үкіметтері сайлау, сонымен қатар соттар және басқа да сот мекемелері сияқты саяси оппозицияны және демократиялық іс-шаралар өткізуге шектеу қойды немесе оларды толығымен тоқтатты. Мұндай қадамдар азаматтық қоғам топтарына өз іс-қимылдарын ұйымдастыруға және соған орай әрекет етудегі құқықтық қабілетіне кері әсер етуде, сондай-ақ осы төтенше шаралардың қолданылуын қадағалау және бақылау құқығын шектеуде.



1.7. Rights and Security International біздің азаматтық қоғам серіктестерімізбен бірге әр түрлі аймақтар мен елдерде COVID-19 індетіне қарсы күресіне байланысты туындайтын заңдылықтар мен мәселелерді қадағалайды. Бұл ретте біз, терроризмге қарсы күрес контекстіндегі төтенше жағдайлар жөніндегі тәжірибемізді пайдалануға және азаматтық қоғаммен олардың жолында кезіккен қиындықтарды жеңе білуі үшін барымызды салуға, сондай-ақ олардың көмегіне тәуелді топтарға қолдау көрсету үшін жұмыс істеуге ниеттіміз. Осы міндеттерімізді тиімді орындау үшін төмендегі жайт бойынша мәліметті covid19@rightsandsecurity.org электронды поштасына жіберуіңізді өтінеміз:

- Өз аймағыңыздағы және/немесе елдегі төтенше жағдайға байланысты кез келген заңдар немесе саясаттар, сондай-ақ осы шаралардың нақты әрекет ету мерзімі
- Парламенттер, Соттар және басқа да органдар тарапынан осы шараларға қандай да бір тиімді бақылау және жауапкершілікке тарту әрекеттері жүргізіледі ме, сондай-ақ сіз осы шараларды мұқият қарастыруда және/ немесе қарсылық білдіру кезінде қандай да бір проблемаға тап болдыңыз ба?
- Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттар осы шаралардың нысаны болып табылатын немесе осы шаралардың сәйкессіз ықпалына ұшыраған топтарға әсері. Мүмкін болса, нақты жағдайдың зерттеуін ұсыныңыз.
- Осы шаралар аясында азаматтық қоғамның ұйымы ретінде сіз үшін туындап жатқан қиындықтар.
- Кез келген аймақтық немесе ұлттық органдардың жауаптары (адам құқықтары жөніндегі ұлттық комиссиялар, Омбудсмен және т. б. сияқты қадағалау органдарын қоса алғанда), сондай-ақ төтенше жағдаймен күресу шараларына қатысты соттардың немесе басқа да өкімшілік органдарының кез келген түсініктемелері немесе шешімдері.

Rights and Security International (бұрын Rights Watch (Ұлыбритания) қауіпсіздікті әділ және тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Нақтырақ айтқанда, біз ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде және терроризмге қарсы күресуде соңғы 30 жыл бойы жүзеге асырылып келе жатқан жауапкершілік пен құқықтарға негізделген амалға сүйенеміз.

www.rwuk.org немесе www.rightsandsecurity.org сілтемесін қараңыз және біздің қызметімізді көру үшін [@rightssecurity](https://twitter.com/rightssecurity) twitter парақшамызға қосылыңыз



2 Төтенше жағдаймен күресу шараларын іске асыру рәсіміне байланысты туындайтын адам құқықтары саласындағы тәуекелдер

2.1. Сұрақтар: Төтенше жағдай жөніндегі заңға қатысты рәсімдер

- C1:** Төтенше жағдай жарияланды ма? Төтенше жағдайға байланысты қандай да бір заңдар, шаралар мен саясаттар баспасөз бетінде жарияланды ма және олар қалың бұқараға қолжетімді ме?
- C2:** Мемлекет төтенше жағдай енгізуде қандай заңнамалық норманы негізге алады (конституциялық, заң шығарушы, атқарушы ережелер)?
- C3:** Төтенше жағдай енгізудің тиісті рәсімі қабылданды ма? Бұл процесс жұртшылыққа жария етілді ме? Егер жоқ болса, неге?
- C4:** Егер төтенше жағдайды жариялаудың бекітілген рәсімі бар болса, ол қолданылды ма? Немесе төтенше жағдай «солай аталып» қана қойып, қарапайым заңдар қолданылды ма?
- C5:** Егер төтенше жағдайдың бекітілген рәсімдеріне (атап айтқанда, конституциялық) дейін қарапайым заңдар қолданылған болса, бұл нәліктен орын алды? Бұл жайтқа қатысты Үкімет негізді дәйектеме келтірді ме?
- C6:** Егер қарапайым заңнама қолданылған болса, оның адам құқықтарын шектеу әрекеті заңды болып табылады ма?¹
- C7:** Төтенше жағдай жарияланған жағдайда Мемлекет адам құқықтары саласындағы халықаралық шарттарды сақтау жөніндегі өз міндеттерін орындаудан бір мезгілде бас тарту шарасын (дерогация) енгізді ме? Егер жоқ болса, неге?

Талқылау: Төтенше жағдай жөніндегі заңдарға қатысты рәсімдер

- 2.2.** Біріншіден, көптеген елдерде төтенше жағдай өкілеттіктерін іске асырудың немесе оларды қолданудың нақты әдіс-тәсілі бар. Олар әдетте конституциялық, атқарушы және заңнамалық ережелерде қарастырылған, мысалы, «төтенше жағдай» жарияланған кезде белгілі бір өкілеттіктерге қол жеткізе алады. Аталмыш төтенше жағдай өкілеттіктері шұғыл процедуралар шеңберінде жүзеге асырылады. Бұл заң қабылдаудың қалыпты процедураларын жоққа шығаруы немесе қысқартуы мүмкін (мәселен, олар аз уақыт ішінде қабылданғандықтан тыңғылықты қарастырылмауы мүмкін). Төтенше жағдай кезіндегі мұндай процедуралар Мемлекеттерге шұғыл жағдайларға қарсы әрекет етуге мүмкіндік беретіндіктен, бұл процедуралар ахуал төтенше жағдай деңгейіне жеткенде ғана қолданылуы мүмкін және төтенше жағдайлар туралы заңдар және саясаттардың төтенше жағдаймен күресуде негізді және орынды екендігін қамтамасыз ету үшін үкіметке талаптар қояды. Төтенше жағдай үкіметті өзінің осы стандарттарға жауап беруін дәлелдеуі үшін берілген жүктемеден босатпауы тиіс. Мұны жүзеге асыруда азаматтық қоғам ұйымдары маңызды рөл атқарады.



2.3. Екіншіден, әр елдің төтенше жағдайды жариялау рәсімін қарастыратын конституциялық немесе заңнамалық ережелері болғанымен де, бұл қадамдар кейде орындалмауы мүмкін. Кей жағдайда, бұл процесс арқылы төтенше жағдай мүлдем заңды түрде танылмайды, ал төтенше жағдаймен күресудің заңды шаралары кәдімгі заң қабылдау процестері арқылы қабылданады (кейде «де факто төтенше жағдай» деп аталады – іс жүзінде төтенше жағдай енгізілгенмен, ол заң жүзінде енгізілмейді).² Терроризмге қарсы іс-қимыл кезіндегі адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау және сақтау бойынша Арнайы Баяндамашы Фионулуа Ни Аолаин атап өткендей, ресми түрде жарияланбаған, алайда іс жүзіндегі төтенше жағдай кезінде қабылданған заңдар төтенше жағдаймен күресу шараларының құқықтық жүйеге еніп кету және олардың тағайындалған мерзімінен едәуір ұзақ уақыт бойы өрекет ету қаупін туғызады.

2.4. Үшіншіден, үкіметтің төтенше жағдайда не істей алатынын және нені істей алмайтынын ұлттық заңнама ғана реттемейді, бұл жерде халықаралық заңнаманың да маңызы бар. Адам құқықтары туралы келісімшарттар елдегі төтенше жағдай кейбір құқықтар үшін «құқықтарды сақтаудан бас тартуды» (дерогация) (төтенше жағдайға немесе өте маңызды қауіп-қатерге байланысты мемлекет адам құқықтарын сақтауға қатысты өзінің кейбір міндеттемелерін орындай алмайтынын жариялайтын процесс) ақтайтынын анық түрде мойындайды. Алайда бұл үшін, ұлттық заңнамадағы сияқты, Мемлекеттің орындауы тиіс нақты қадамдар бар – оның ішінде қалыс қалып жатқан міндеттемелерін, олардың себептері мен мерзімдерін егжей-тегжейлі түсіндіру міндеті.³ Мемлекет ел ішінде төтенше жағдай жариялап, алайда халықаралық келісімшарттармен қарастырылған адам құқықтарын сақтау бойынша міндеттемелерінен бас тартуы (дерогация) туралы хабарламауы мазасыздық туғызады.⁴ Бас тарту (дерогация) мемлекеттен бас тартудың қажеттілігі туралы нақты әрі түсінікті себептерді ұсынуды және азаматтық қоғам ұйымдарына (және БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдар мен мүше мемлекеттермен қол қойылған халықаралық келісімшарттар бойынша міндеттемелерді орындауға мониторинг жүргізу үшін құрылған органдарға) ол себептерді саралауға мүмкіндік беруді талап ететін халықаралық деңгейдегі тексеру және бақылау жүргізу бойынша маңызды процеспен қатар жүреді.⁵ Төтенше жағдайдың қандай да түрі болмасын ол белгілі бір құқықтарды орындаудан бас тартуға еш рұқсат бермейді, мысалы, ондай құқықтарға өмірді қиюға тыйым және қатігез әрі адамгершілікке жатпайтын қарым-қатынасқа тыйым сияқты құқықтар жатады. Бұл құқықтардан бас тартуға төтенше жағдайдың түріне қарамастан жол берілмейді.

БАС ТARTY ӨРЕКЕТІ

Мемлекеттерге бас тарту өрекеті не үшін қажет?


АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

Бас тарту өрекеті міндеттемелердің орындалмауының алдын ала көрсетілуіне және келісімшарт ережелеріне сәйкес шектелуіне кепілдік бере отырып, адам құқықтары мен адам құқықтары құралдарының қорғалуын қамтамасыз етеді.




БАРЫНША АНЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАР

Мемлекеттер бас тарту өрекетін пайдалану үшін қандай ережелерден жалтарғанын және мұндай шешім қабылдауға мәжбүр еткен себептерді, бас тарту мүмкіндігін пайдалану мерзімі туралы түсініктеме беруі тиіс.



ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕГІ БАҚЫЛАУ

Азаматтық қоғам ұйымдарына төтенше жағдай жөніндегі өкілеттіктерді бақылаудың және үкіметтерді жауапқа тартудың нақты параметрлерін ұсынады.




2.5. Сұрақтар: Төтенше жағдай жөніндегі заңдар мен саясаттарға ағымдық бақылау жүргізу

- C8:** Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттар баспасөз бетінде жарияланды ма? Төтенше жағдай жөніндегі заңның немесе соның негізінде құрылған өкілеттіктің орындалуын тұрақты бақылайтын тетіктер бар ма? Олар қаншалықты дұрыс? Олар демократиялық басқаруға және азаматтық қоғамның қатысуына жол бере ме?
- C9:** Егер бақылау тетіктері болмаса, олар неге қамтамасыз етілмеген? Олардың баламасы бар ма (Онлайн процедуралар)?
- C10:** Көрсетілген заңдардың уақыты шектеулі ме? Оның белгілі бір уақытта автоматты түрде тоқтатылуын қамтамасыз ететін заңнамалық ереже бар ма?
- C11:** Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттарға қатысты соттық бақылау жүргізуге мүмкіндік бар ма? Сотқа жүгінуге мүмкіндік тұрақты түрде берілді ме?
- C12:** Жақын болашақта қисынды мерзім ішінде Парламенттің орта мерзімді шолу жасауын қарастыратын ереже бар ма? Төтенше жағдай аяқталғаннан кейін заңның күшін келісім бойынша жою туралы ереже қабылданды ма?

Талқылау: Заңдар және саясаттарға ағымдық бақылау жүргізу

ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІНІҢ АЯҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ



2.6. Төтенше жағдай туралы заңдар көбінесе процесті бұзу және шектелген талқылау негізінде қабылданады. Бұл дегеніміз, жағдайға жауап қайтару үшін заңдар мен саясаттардың қаншалықты қажет екеніне, олар төніп тұрған қатерге қаншалықты тепе-тең екеніне және дәлелдермен дәлелденгеніне қатысты терең талдау жасалмайды. Заңды қабылдағаннан кейін бірден мұндай талдау жасау мүмкін болмаса да, дәлелсіз, сәйкессіз және құқықтарды шектейтін нормалардың әрекетін тоқтатуды қамтамасыз ететіндей алғашқы мүмкіндік туған кезде ондай талдау бірден жасалуы тиіс. Көшірек жасалған талдау да шаралардың дәлелділігімен қатар шараларды енгізу себептерін тезірек зерттеуге және қарсы болуға көмектесе алады. Мұндай қадағалау түрлі органдар, оның ішінде Парламент, ұлттық адам құқықтарын қорғау институттары, АҚҰ тарапынан жүзеге асырылуы мүмкін, ал Омбудсмен мен азаматтық қоғам ұйымдары сияқты басқа тәуелсіз органдар аталмыш органдардың өз міндеттемелерін мүмкіндіктерінше жүзеге асырып жатқандарын және олардың қызметтері шамадан тыс шектелмегенін қадағалай алады.

2.7. Екінші, біздің тәжірибе төтенше жағдай туралы заңдар бастапқы төтенше жағдайдың өзінен де ұзағырақ әрекет ететін сипаты бар екенін көрсетеді. Үкіметтің бұл жағдайлардың ерекше мәнін және шектеулі мерзімін сақтауы өте маңызды. Төтенше жағдай туралы заңдар заңдардың өзінде шаралардың белгілі бір мерзім өткеннен кейін тоқтатылуын қарастыратын процессуалдық қорғауды қамтуы тиіс; не тым болмағанда шараларды қайта қарастыруға бастамашылық жасауға болатын процесті қамтуы керек. Бұл мұндай шаралардың құқықтық жүйе үшін «қалыпты» болып қалмауы үшін және айрықша өкілеттіктерді ұзартудың кез келген негіздемесіне тиянақты талдау жасалынуы үшін маңызды қадам болып табылады.⁶



3 Төтенше жағдаймен күресу шараларына байланысты туындайтын адам құқықтары саласындағы тәуекелдер

3.1. Сұрақтар: Адам құқықтарына нұқсан келтіретін жалпы шаралар

Жеке тұлғаларды мәжбүрлеп оқшаулау өкілеттігі




- C13:** Бұл өкілеттік не үшін қабылданды? Оны қалай және қандай дәлел негізінде қолдану қажет?
- C14:** Бұл өкілеттікті қолданудың жағдайға байланысты, заңды және орынды екенін растайтын дәлел бар ма?
- C15:** Бұл шара қажетті және пропорционалды түрде жүзеге асырылып жатыр ма және ол кемсітпеушілікке жол бермейтін шартта қолданылады ма?
- C16:** Жоғарыда айтылғанға қатысты бұл өкілеттік заңды түрде іске асырылып жатыр ма, немесе бұл өкілеттіктің шектен тыс немесе теріс пайдаланылып жатқанын растайтын дәлел бар ма?


- C17:** Бұл өкілеттік кімнің құзыреттігінде? Оны кімге қарсы қолдануға болады?
- C18:** Мәжбүрлеп оқшаулау қандай мерзімге дейін рұқсат етіледі? Мұндай оқшаулау негіздеу тұрғысынан қарағанда (инфекцияның одан әрі таралуын болдырмау үшін) дәйекті болып табылады ма?
- C19:** Егер мәжбүрлі оқшаулау немесе карантин енгізілсе, онда оқшауланған адамдар және олармен бірге тұратын адамдарға қандай күтім қамтамасыз етіледі? Мәжбүрлеп оқшаулауға алынған балалары бар адамдардың жағдайы қандай?
- C20:** Осы өкілеттіктің өзімен және олардың іске асырылып жатқандығымен келіспеушілік білдіруге мүмкіндік бар ма, және қашан? Сот және басқа да қорғау мекемелері қолжетімді ме?

Жүріп-тұру еркіндігін шектеу өкілеттігі

- C21:** Жүріп-тұру еркіндігін шектейтін кең ауқымды шаралар қашан енгізілді? Осы шаралардың пайдасына дәлел бар ма?



- C22:** Бұл шаралар қаншалықты қатаң? Балама нұсқалары қарастырылған ба? Қолайлы сәт туғанда бұл шараларды қайта қарау мүмкін бе?
- C23:** Жалпыұлттық оқшаулауды іске асыру шаралары жарияланды ма? Олардың орындалуын қамтамасыз ету кімнің құзыреттігінде?
- C24:** Бұл шараларды іске асыруға берілген өкілеттіктің деңгейі қандай? Осы өкілеттіктерге қандай шектер мен шектеулер қойылған?
- C25:** Бұл өкілеттікке қарсылық білдіруге бола ма?



Пікір білдіру бостандығын шектеу өкілеттігі



- C26:** Жиындарға тыйым салынған жағдайда бұл өкілеттік әділ және кемсітпейтін түрде орындала ма? Бұл шектеулердің белгілі бір топтардың жиналуына қарсы бағытталғандығы туралы дәлел бар ма?
- C27:** Жалған мәлімет пен “фейк” жаңалықтарды және қауесет-өңімені таратуға тыйым салатын ережелер бар ма? Олар қалай іске асырылады? Ақпараттың стандартқа сай келуін міндеттейтін қандай стандарттар бар және бұл стандарттар жөнінде жұртшылық хабардар ма? Осы заңдарды орындау фактілері жария етілді ме және оларды мұқият саралауға мүмкіндік берілді ме?

Демократиялық іс-шараларды шектеу өкілеттігі



- C28:** Демократиялық іс-шараларды өткізу кейінге қалдырылды ма, бұл қандай ереженің негізінде іске асырылды және оған дәлел қандай? Құсшынды бір мерзімде өткізу үшін басқа күн тағайындалды ма? Балама нұсқалары қарастырылған ба?
- C29:** Парламент қызметі тоқтатылды ма әлде ол отырыс өткізу мүмкіндігінен айрылды ма? Оның қызметі қандай мерзімге тоқтатылды және ол қандай жағдайға байланысты?

Жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығына нұқсан келтіретін өкілеттіктер

- C30:** Пандемия кезінде заңнама аясында мәліметтерді жинау шаралары/өкілеттіктері енгізілді ме, олар қаншалықты қажет және барлығына бірдей болып келеді? Олар дәлелге негізделген қоғамдық денсаулық сақтау заңы мен мақсаттары тұрғысынан негізделген бе, сол мақсаттарға сай келе ма?
- C31:** Бақылауды енгізу мен мәлімет жинау аясындағы шаралардың уақыты шектелген бе?
- C32:** Пандемия контекстінде жиналған жеке мәліметтерді немесе мәліметтерді жиынтықтауды, сақтауды және алмасуды реттейтін нақты шаралар бар ма?
- C33:** Үкіметтің қосымша бақылау және мәліметтерді жинау бойынша қабылдаған немесе қабылданатын шараларға/өкілеттіктерге қатысты әрекеттері айқын болды ма?
- C34:** Мәліметтерді бақылау және қорғау бойынша шаралар/өкілеттіктер COVID-19-ға қарсы жауап ретінде ғана қолданылып жатыр ма? Олар максималды түрде шектелген бе және тар бағытта ма?
- C35:** Жеке мәліметтерді бақылау мен жинау, пайдалану және сақтау бойынша қолданылатын өкілеттіктерге қадағалау жүргізіліп жатыр ма?
- C36:** Адамдар туралы мәліметтердің сақтығын қадағалайтын шаралар енгізілді ме?
- C37:** Сандық технологиялардың көмегімен бақылау жүргізу маргиналды, осал топтарға және азшылықтарға кері әсерін тигізе ме?



С38: Мемлекеттік немесе жеке меншік мекемелермен дерек алмасу орын ала ма? Бұл іс-әрекет заңмен реттеледі ме, ол жұртшылықты таныстыру үшін қол жетімді ме, ол уақыты шектеулі ме және оған қадағалау жүргізіліп жатыр ма?

Талқылау: Төтенше жағдаймен күресу шараларына байланысты туындайтын адам құқықтары саласындағы тәуекелдер

- 3.2.** Үкіметтің пандемияға ең алғашқы реакциясы қарқынды болды, адам құқықтары мен еркіндіктерін айтарлықтай шектейтін шаралар енгізілді. Кейбір шаралар қажетті әрі пропорционалды да болған шығар, алайда бұл барлық шараның сондай болды дегенді білдірмейді. Көріп отырғанымыздай, Үкімет кейбір құқықтарды қажетті болып табылмайтын және кейде тіпті заң тұрғысынан қисынсыз болып табылатын шаралар арқылы шектеді.
- 3.3.** COVID-19-бен күрес үшін енгізілген барлық төтенше шаралар қатаң түрде мақсаттарға (бұл жағдайда, инфекцияның таралуын тоқтатуға және пандемияның санитарлық-гигиеналық әсеріне жол бермеуге негізделген денсаулық сақтау мақсаттарына) жету үшін қажетті әрі пропорционалды болуы тиіс. Алайда мәтін бойынша қажетті және пропорционалды көрінетін заңдардың күші кем дегенде адамның құқықтарын шектейтін заңды баламалы шешімдерден ары кетуі де мүмкін. Кей кезде төтенше жағдай туралы жаңа заңдар қажет емес, себебі төтенше жағдайда жүгінуге болатын қолданыстағы заңдар мен саясаттар бар. Қолданылатын шаралардың қажет әрі жағдайларға мөлшерлес келуін, оның ішінде ондай шаралар төтенше жағдаймен күресте әсерлі болуын, адам құқықтарын барынша шектемеуін, сондай-ақ олардың төтенше жағдаймен байланысты мәселелерді шешуге қауқарлы қолданыстағы қарапайым заң емес екенін қамтамасыз етуін, шараларды қадағалауды талдау және іске асыруда азаматтық қоғамдық ұйымдардың рөлі өте маңызды.
- 3.4.** АҚҰ мен құқық қорғаушылар үшін тағы бір маңызды мәселе – заңдар мен саясаттардың сол заңдарды орындаушы биліктің шамадан тыс кең дискрециялық өкілеттіктерін қалыптастыратындай, заң ережелерін теріс пайдалануға мүмкіндік туғызатын өкілеттік шектерінің соншалықты екіұшты тұжырымдары мен айқын емес сипаттамаларын қолдану дәрежесі. Мысалы, заң мақсаты өбден орынды болса да, коменданттық сағатты орындауды қамтамасыз ету кезінде шектен тыс зорлық қолданылуы мүмкін. АҚҰ мен құқық қорғаушылар төтенше жағдай туралы заңдар анық әрі тар бағытта қолданылатынына, сондай-ақ Үкіметтің, оның ішінде заңдардың орындалуына жауап беретін органдардың, өз өкілеттіктері шеңберінде әрекет ететіндеріне қадағалауы керек. Заңдарды қайта қарастыруға, сонымен қатар оларды орындаудың қадамдары мен сол заңдарға тұрақты түрде мониторинг жүргізу және келіспеушілік білдіру бойынша қадамдар болуы тиіс.
- 3.5.** Соңында, бірнеше ел COVID-19 таралуына мониторинг жүргізу үшін адамдарды бақылауды және жеке мәліметтерді жинауды қарқындату бойынша шаралар енгізді.⁷ Технологиялар қоғамдық денсаулық сақтау дағдарысын шешуде маңызды құрал болып табылса да, сандық бақылау мен жеке мәліметтерді жинауды арттыру жеке өмірге қол сұқпаушылық құқығына, бірігу бостандығы мен сөз бостандығы құқығына жағымсыз әсер етуі мүмкін.⁸ Пандемияға қарсы қабылданған шаралар айқын, заңды, қажетті және мөлшерлес болғаны маңызды. Бақылау және мәліметтерді жинау бойынша COVID-19-ға жауап ретінде қабылданған кез келген шаралар/өкілеттіктер заңда бекітілуі тиіс, ал олардың негізділігі мен мөлшерлестігі қоғамдық денсаулық сақтау заңды мақсаттарына сай келулері қажет. Қысқаша айтқанда, төтенше шаралар оларды талдауға болатындай, көлемін шектей алатындай және теріс пайдаланушылыққа жол бермейтіндей айқын болуы керек, сондай-ақ олар қоғамдық денсаулық сақтау мақсаттары тұрғысынан дәйекті, дәлелге негізделген болуы керек және сол мақсаттармен шамалас келуі тиіс.



3.6. Бұл шаралардың уақыты шектелуі және тұрақты шараға айналмауы өте маңызды. Адамдардың жеке мәліметтері қорғалуы тиіс, ал кез келген кемсітуші әсер, соның ішінде этникалық және діни азшылықтар мен басқа да маргиналды топтарға әсер, түбірімен жойылуы тиіс және азайтылуы керек. Мұндай топтардың тәжірибесі үлкен мәліметтер жинағында жеткілікті түрде дұрыс ұсынылмаған. Үкімет мемлекеттік және жеке меншік сектор қатысушылармен мәліметтерді бірлесіп пайдалану туралы келісімге отырса, адам құқықтары үшін тәуекелдер бар. Бұл тәуекелдерді басқару үшін мұндай келісімдердің жазбаша түрде жариялануы, мерзімі шектелуі және тұрақты түрде қайта қарастырылып тұруы маңызды. Бақылау жүргізу және мәліметтерді қорғау бойынша шараларға қатысты тиімді қадағалау мен есеп берушілік болуы тиіс.

3.7. Сұрақтар: Адам құқықтарын шектейтін кең таралған шаралар

Шектейтін өкілеттіктердің іске асырылуы:



- C39:** Жаңа өкілеттіктер құрылған жағдайда өкілеттіктерді іске асыру бойынша нақты жетекші ұсыныстар бар ма? Ол жетекші ұсыныстар жария етілді ме?
- C40:** Өкілеттіктерді теріс пайдалану немесе асыра пайдалану орын алып жатқандығына дәлел бар ма? Шектен тыс зорлық қолданылғандығы не болмаса өкілеттіктердің қолданылмауы керек адамдарға қатысты қолданылғандығы туралы дәлел бар ма?
- C41:** Өкілеттіктер қаншалықты әділ түрде іске асырылуда, өкілеттіктер қолданылып жатқан адамдардың абыройына құрметпен қарап қолданылуда ма? Өкілеттіктердің адамдарды мұқату немесе кемсіту үшін қолданылғанына қатысты дәлел бар ма?
- C42:** Заңды бұзғаны үшін қандай жаза түрлері қарастырылған? Бұл құқық бұзушылық қай қылмысқа жатады: азаматтық па қылмыстық па? Айыппұл сомасы қандай? Бұл сома қаншалықты қабылдарлық? Айыппұл тиісті бұзушылыққа мөлшерлес пе?
- C43:** Бұзушылыққа айыппұл төлеттіретін жағдайда сол тағайындалған айыппұл мән-мөтінге қаншалықты үйлесімді болып табылады? Мысалы, әлеуметтік-экономикалық себептерге байланысты өзін-өзі оқшаулауды/әлеуметтік қашықтықты не болмаса өртүрлі адамдар бір жерде тұруға мәжбүр болған жағдайда карантинді ұйымдастыра алмайтын қоғамдастықтар.
- C44:** Бұзушылық үшін шартсыз жауапкершілік қарастырылған ба әлде кінәні және/немесе жүгінуге болатын негізделген деңгейдегі өзін-өзі қорғау сияқты қылмыстың субъективті жағын дәлелдеу туралы талап бар ма?
- C45:** Төтенше шараларды іске асыруда әскери қызметкерлер көмекке тартылды ма? Иә болса, олар нақты қандай міндеттерді іске асырады және бұл жалпы халықтың өміріне әсер ете ме, қалай әсер етеді?

Талқылау: заңдар мен саясаттардың іске асырылуы

3.8. Төтенше жағдайдың қарқынды әрі болжауға келмейтін түрде дамуын ескере отыра, өртүрлі әрі күтпеген жағдайға жауап қайтара алуы үшін төтенше өкілеттіктер әдетте кең анықтамамен сипатталады. Әйтсе де, мұндай кең өкілеттіктер өкілеттіктерді асыра пайдаланушылық тәуекелін тудырады. Мысалы, физикалық өкілеттіктер шектен тыс зорлықпен жүзеге асырылуы мүмкін, өкілеттіктер олар қолданылуы тиіс емес адамдарға қатысты қолданылуы мүмкін, не болмаса кемсіту не мұқату түрінде қолданылуы мүмкін. Өкілеттіктер қатаң түрде бақылануы, тиісті мақсаттарда ғана қолданылуы, сонымен қатар **олардың қалай, қашан қолданылуы мүмкін екендігі** туралы басшылыққа алатын нақты нұсқаулықтың⁹ болуы, олардың адекватты қайта қарау мен оларға келіспеушілік білдіру мүмкіндігімен берілуі маңызды.



- 3.9.** АҚҰ мен құқық қорғаушылар өкілеттіктердің маргиналды және осал топтарға қарсы қалай қолданылатына мониторинг жүргізуде маңызды рөл атқарады. Төтенше шараларды қолдану кезінде күшті және/немесе қатыгездікті шектен тыс қолдану үшін кең алаң пайда болатынын, өкілеттіктер белгілі бір топтарға қарсы, атап айтқанда физикалық зәбірлеу мен басқыншылық көрсету, сондай-ақ бақылау сияқты физикалық емес өкілеттіктерді қолданылатынын байқаймыз.
- 3.10.** Қазіргі пандемия жағдайында полиция тарапынан шектен тыс зорлық көрсету мысалдар саны артып кетті. Күш көрсету, оның ішінде атыс қаруын қолдану, заңдылық, қажеттілік, мөлшерлестік, сақтық және кемсітушілік емес принциптерімен реттелетінін естен шығармау керек.¹⁰ Соттан тыс өлім жазалары, соттың істі тиісті қаралуынсыз өлім жазаларын кесу немесе қисынсыз, жөн-жосықсыз өлім жазаларын кесу туралы мәселе бойынша БҰҰ-ның арнайы баяндаушысы Агнесса Калламар атап өткендей,¹¹ коменданттық сағатты сақтамау, не кез келген қозғалысты шектеуді бұзу шектен тыс зорлық көрсету үшін негіз болмауы тиіс, сонымен қатар, қандай жағдай болмасын, нысанаға тигізу мақсатында оқ атуға апармауы тиіс. Құқық қорғау органдарының нысанаға тию үшін атуды қолдануын реттейтін бірнеше халықаралық келісімшарттар бар.¹² Ақыр аяғында, нысанаға тию үшін оқ атуға өкелетін саясаттар немесе іс-тәжірибе заңсыз бола алатыны анық, алайда зорлықтың ушығуына алып келетін қадамдар да бар екені анық. Төтенше жағдай кезінде полицияға әдеттегіден көбірек өкілеттіктер берілуі мүмкін, алайда полиция күшін абсолютті қажеттілік туындаған кезде ғана және өз міндеттемелерін орындаудың қажетті шеңберінде ғана қолдануы қажет.



- 3.11.** Калламар атап өткендей,¹³ полиция сақтықтың қажетті және күшейткен шараларын қолдануы тиіс, жағдайдың контекстіне қарап, күш қолдану қаншалықты қажет және мөлшерлес екенін бағалауы қажет. Талқылау, басшылық ету, кеңес беру және жұртшылықты тарту полицияның жұмыс принциптеріне айналуы керек.
- 3.12.** Сонымен қатар заңдардың **пандемияға байланысты емес** саяси мақсаттарда да (оның ішінде оппозициялық саяси партияларды не АҚҰ мен құқық қорғаушыларды басу) қолданылуы мүмкін деген тәуекел бар. Парламенттің не сот билігінің бұл шараларды қолдануды бақылауда шектелген мүмкіндіктерін ескере келе (жоғарыда аталғандай, кей елдер Парламент пен сот институттарының қызметін жартылай не толық тоқтатып қойды) бұл қазіргі мән-мәтінде ерекше алаңдаушылық тудырады.
- 3.13.** Қорытындылай келе, бірнеше Үкімет төтенше жағдай кезінде логистикалық және басқа да көмек көрсетуде өкілеттікті қарулы күштерге бергенін атап өту керек. Дегенмен лаңкестікпен күрес үшін енгізілген төтенше жағдай контекстінде біз қарулы күштердің азаматтық өмірге араласуын байқадық; осындай әрекет COVID-19 пандемиясы контекстінде де орын ала бастады.¹⁴

Қазіргі уақытта төтенше жағдай жөніндегі өкілеттіктердің теріс пайдаланылғандығын көрсететін мысалдар анықталды:

COVID-19 пандемиясымен байланысты өкілеттіктер адамның қадір-қасиетін қорлайтын түрде не шектен тыс қолданылғандығына мысалдар:

- Карантин шараларын бұзғаны үшін жаза мөлшерінің сай келмеуі - коменданттық сағатты бұзушылар жануарларға арналған торларға қамалған¹⁵, Филиппинде нысанаға тию үшін оқ атқан¹⁶, Сингапурде жұмысшы мигранттарды депортациялаған;¹⁷
- Оңтүстік Африка¹⁸ мен Кенияда¹⁹ вирустың таралуын болдырмау шараларын орындау кезінде полиция тарапынан шамадан тыс зорлық-зомбылық көрсетілген;
- Кенияда коменданттық сағатты сақтау шараларын іске асыру үшін полицияның күш қолдану нәтижесінде өлім-жітімнің саны артқан;²⁰
- Үндістанда жұмысшыларды зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізу барысында оларға жол жиектерінде сұйық химикат шашқан;²¹
- Үндістанда да, Парагвайда да коменданттық сағатты сақтау шараларын іске асыруда адамның қадір-қасиетін қорлайтын тактика қолданған;²²
- Полиция қызметкерлері мен сарбаздар Оңтүстік Африка Республикасында карантин ережесін бұзғандарды сабалап, тепкіге жыққан және оларды су зеңбірегімен атып, адамдарды қорлайтын әрекеттер жасауға мәжбүрлеген;²³
- Филиппинде тамақтың жетіспеушілігіне қарсы наразылық білдірген коменданттық сағат бұзушыларды ату жазасымен қорқыту әрекеті анықталған.²⁴



COVID-19 індетіне байланысты өкілеттіктердің заңды өзгеше саяси түсінікті жаншу үшін және саяси сыншылдар мен диссиденттерге шабуыл жасау үшін немесе оларға қарсы қолданылғандығына мысалдар:

- Ливанда,²⁵ Алжирде,²⁶ Үндістанда,²⁷ Гонконгта,²⁸ және Чилиде²⁹ үкіметке қарсы наразылықтарды тарату және кейбір жағдайларда – шектен тыс зорлық-зомбылық қолдану;
- Угандада саяси бостандықтарды басу үшін қоғамдық құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету туралы заңды қолдану;³⁰
- Жалған ақпарат таратуға қарсы күрес шараларының тасасында үкіметтің пандемияға қарсы әрекетін сынға алушы топтарды үнсіз қалуға мәжбүрлеу үшін “жалған ақпарат таратуға қарсы күрес” бойынша заңнаманы енгізу – оған Таиланд³¹, Индонезияны³² Марокко,³³ және Мажарстанды айқын мысал етуге болады;³⁴
- Израильде³⁵ және Румынияда³⁶ саяси көшбасшылар алдыңғы саяси теріс әрекеттері үшін жауапкершіліктен жалтарды;
- Иорданияда,³⁷ Мысырда³⁸ және Қытайда³⁹ жария ақпаратқа қарсылық білдіруге байланысты баспасөз бостандығын жою.

Билікті нығайту үшін және қолданыстағы жағымсыз күн тәртібін алға тарту үшін COVID-19-ды сылтау ретінде пайдаланатын елдерге төмендегілер мысал болады:

- Құрама Штаттардың көші-қон (иммиграция) бойынша кері ықпалы бар күн тәртібін ілгерілету әрекеті,⁴⁰ репродуктивті құқықтар аясында қысым көрсету,⁴¹ және экологиялық талаптарды қамтамасыз ету шараларын тоқтату – барлығы COVID-19 байланысты қажеттілік болуы мүмкін;⁴²
- Мажарстанның атқарушы билігі сот билігіне қатысты өз ықпалын тоқтатпауға және азаматтық қоғамның Үкіметті жауапкершілікке тартуға шақыру мүмкіндігін алып тастауға тырысады;⁴³
- Колумбия үкіметі пандемияны Адам құқығы қорғаушыларын қорғау міндетін әлсірету үшін сылтау ретінде пайдаланған;⁴⁴
- Индонезия үкіметі әлеуметтік желілерге мониторинг жүргізеді және Президенттің COVID-19 жұқтыру жағдайларына қатысты көзқарасын сынға алғандарды жазалайды.->



4 Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттардың қоғамның осал және маргиналды топтарына әсері

4.1. Төтенше жағдай жөніндегі заңдар және саясаттардың қоғамның осал және маргиналды топтарына әсері

C46: Төтенше өкілеттіктер мен шаралар осал және маргиналды топтарға қалай әсер етеді?

C47: Сандық бақылау шарасы сияқты кейбір шаралар маргиналды топтарды кемсітуді тереңдетуге алып келе ме?

C48: Төтенше шаралардың гендерлік теңдік пен теңдіктің басқа да категорияларына әсерін бағалау жұмысы жүргізілді ме? Төтенше жағдай туралы заң немесе саясат ондай бағалауды жүргізуді талап ете ме?

C49: Медициналық тесттер немесе медициналық күтімге қолжетімділікті ұсыну/бөлу кезінде қандай да бір нақты топтың/қоғамдастықтың пайдасына тиетін не оған қарсы болатын кемсітушілікке дәлел бар ма?

C50: Мемлекеттік көмек немесе қолдауды ұсыну/бөлу іс-шарасының қандай да бір нақты топтың/қоғамдастықтың пайдасына тиетініне не оны кемсітетініне дәлел бар ма?

C51: Саясаткерлер немесе саяси шешімдер қабылдайтын тұлғалар COVID-19-дың таралуына жауапты ретінде қандай да бір нақты топты/қоғамдастықты атап көрсетті ме?

Талқылау: осал/маргиналды топтарға әсер

4.2. Қазіргі пандемияға қарсы әрекет ету шаралар заңдар мен саясаттардың маргиналды және осал топтарға қатысты әртүрлі, соның ішінде жағымсыз, әсер етуі мүмкін екендігін айрықша ескеруі керек. Жоғарыда айтылғандай, біз төтенше шаралардың диспропорциялық түрде әсер ететін топтарды байқаймыз.

4.3. Кей елдерде өз тиімділігін дәлелдеген шаралардың бұл тәжірибені басқа экономикалық және саяси контекстіндегі өзге елдерге көшіргенде мүлде басқа нәтижелер беруі мүмкін екендігін атап өту керек. Әлеуметтік қолдау мен медициналық ресурстарға әсер ететін пандемияға жауап беру шаралары айрықша резонансты болуы мүмкін – COVID-19-бен «күресте» саясаттарды іске асыру үшін не белгілі бір мақсаттарға жетуде ресурстарды басымдық бойынша бөлу туралы шешім кей адамдардың, әсіресе кедейшіліктен не басқа да жағымсыз, қолайсыз жағдайлардан зардап шегіп жүрген адамдардың жағдайының төмендеуіне әкеліп соғуы мүмкін.

4.4. Қорытындылай келе, Мемлекет өз міндеттемелерінен адам құқықтарын сақтау бойынша кейбір міндеттемелерін «өшіріп тастаса да», адам құқықтары саласы бойынша белгілі бір басты міндеттемелерді қандай жағдай болмасын «өшіре алмайды».⁴⁵ Нақты айтқанда, төтенше шаралар кемсітуші жолмен жүзеге асырылмауы тиіс. Мемлекеттің кез келген жауап шаралары нақты қоғамдастықтарды кемсітпеуі (арнайы не болмаса басқа жолмен) және/немесе олар былай жағдайда да осал болған кезде оларға қосымша бейнет келтірмеуі керек. Үкіметтер төтенше жағдайдың осал топтарға әсерін қысқартуға және төмендетуге, соның ішінде сол топтарға кез келген қолайсыз әсерін төмендету үшін нақты қадамдарды іске асыруға талпынуы тиіс.



Қазіргі сәтке дейін тіркелген тәуекелге барынша бейім осал топтардың мысалдары келесілерден тұрады:

4.5. Үйсіз немесе кедейлік шегінде өмір сүретін адамдар

Карантин шаралары инфекция жұқтыруға ерекше бейім болып келетін үйсіз адамдар мен кедей адамдарға үлкен зардабын тигізуі мүмкін:

- Үйсіз халықпен жұмыс істейтін дәстүрлі каналдар артық жүктемемен жұмыс істеп бастауы мүмкін не болмаса олар COVID-19-ға байланысты енгізілген әлеуметтік қашықтық бойынша міндетті шараларға сәйкес келмеуі мүмкін;⁴⁶
- Адамның қарапайым табыс көздеріне қолы жете алмауы денсаулық сақтау қызметтеріне де қолжетімділігінен айыратын жағдайда (не болмаса қолжетімділік мүмкіндігі жоқ болғанда) адамдар инфекция алдында айрықша осал болулары мүмкін;⁴⁷
